

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 411 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 24 тамызда № 24092 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабының 16) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2021 жылғы 20 тамыздағы
№ 411 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.08.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Білім беру бағдарламаларының тізбесі	Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша берілетін дәреже	Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша (бейіндік/ғылыми-педагогикалық бағыт) берілетін дәреже	Философия докторы (PhD) / доктор бейіні бойынша докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша берілетін дәреже
1	"6B12302 - Өрт қауіпсіздігі"	Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс бакалавры		
2	"6B12303 - Төтенше жағдайларда қорғау"	Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс бакалавры		
3	"6B12191 - Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық тактикалық"	Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс бакалавры		
4	"6B12304 - Өрт сөндіру және авариялық-құтқару ісі"	Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс бакалавры		
5	"7M12302 - Өрт қауіпсіздігі" (ғылыми-педагогикалық бағыт)		Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі	
6	"7M12303 - Өрт қауіпсіздігі" (бейіндік бағыт)		Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі	
6-1	"7M12304 - Төтенше жағдайларда қорғау" (ғылыми-педагогикалық бағыт)		Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі	
6-2	"7M12305 - Төтенше жағдайларда қорғау" (бейіндік бағыт)		Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі	
7	"8D12302 - Өрт қауіпсіздігі" (ғылыми-педагогикалық бағыт)			Философия докторы (PhD) / Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс докторы
8	"8D12303 - Өрт қауіпсіздігі" (бейіндік бағыт)			Бейіні бойынша доктор / Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс докторы
	"8D12304 - Төтенше жағдайларда қорғау"			Философия докторы (PhD)/

9	" (ғылыми-педагогикалық бағыт)		Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс докторы
10	"8D12305 - Төтенше жағдайларда қорғау" (бейінді бағыт)		Бейіні бойынша доктор / Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс докторы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ